

1 бөлім. Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның атауы	2023-2028 жылдарға арналған Түркістан облысы білім басқармасының Қазығұрт аудандық білім бөлімінің «М. Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ даму жоспары
Бағдарлама әзірлеу үшін негіздеме	1. «Білім туралы» заң 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы 2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 ж 27 желтоқсандағы № 293-ҮІ ҚРЗ 3. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы 4. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы 22.01.2016ж №70 бұйрығы 5. «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы №963, 30.11.2022ж 6. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы. 7. Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің М. Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-нің жарғысы.
Бағдарламаны әзірлеуші	Бағдарламаны «Түркістан облысы білім басқармасының Қазығұрт аудандық білім бөлімінің «М. Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі педагогтар мен қамқоршылық кеңес өкілдері
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мақсаты: 1. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту арқылы сыныптағы оқыту сапасын жақсарту 2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуына жағдай жасау және жеке

	тұлғаның дарындылығын дамыту; 3. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету; Міндеттері: 1. ҚР Білім туралы заңының 8-бабының 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндетіне орай мұғалімдердің жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды меңгертуіне және оларды тиімді қолдануына ықпал ету; 2. Оқушыларға тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейде шеберлік пен дағды алуын қамтамасыз ету; 3. Деңгейлі бағдарламалардың идеяларын іске жүйелі асырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолымен мектептің білім сапасын көтеру; 4. Білім берудің жаңартылған бағдарламасын енгізу барысында критериалды бағалауды жүйелі іске асыру; 5. Педагогикалық озық тәжірибені жинақтау мен тарату жұмыстарын жетілдіру, ӘБ ішінде әрбір мұғалімнің оқытушылық қызметі қаралып, талдау жұмыстары жасалынып, озық тәжірибені жинақтап, мектеп пен қала көлемінде таратуға ұсыну; 6. Оқушылар мен жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарын жолға қою; 7. Коммуникативті, функционалды шәкірт дайындауда дарынды оқушылармен жекелей жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйеленіп, оқушылар әр түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға жүйелі қатыстыру; 8. Оқушыны заман талабына сай, патриот, азаматтық ұстанымы зор тұлғаны тәрбиелеу; 9. Оқушылардың және мұғалімдерің еңбегінде қиыншылықтарды жою мақсатында психологиялық қызметінің жұмысын жандандыру;
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2023 қыркүйек -2028 маусым • I кезең: 2023-2024 оқу жылы • II кезең: 2024-2025 оқу жылы • III кезең: 2025-2026 оқу жылы • IV кезең: 2026-2027 оқу жылы

	• V кезең: 2027-2028 оқу жылы
Қаржыландыру көздері	Жергілікті бюджет

2 бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

2021-2024 жылдар аясында едәуір жетістіктерге қол жеткізіліп, жоспарланған көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. Мектептің жобалық қуаты—300 орын. Нақты уақытта барлығы— 462 оқушы білім алуда,оның ішінде МАД-21, 1-4 сыныптарда 164 оқушы, 5-9 сыныптарда 231 оқушы, 10-11 сыныптарда 67 оқушы білім алып жатыр.

Мектептің жалпы материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектепте 24 оқу кабинеті, 2 компьютерлік сынып, 3 мультимедия, 88 орынға арналған ас ішу бөлмесі, кітапхана, физика кабинеті, химия кабинеті, биология кабинеті бар.

2023-2024 оқу жылында тегін ыстық тамақпен бастауыш сынып 164 оқушылар түгел қамтылған.

5 – 11 сыныптардан аз қамтылған отбасынан 7 оқушы тегін тамақтанады.

Білім сапасын ақпараттандыруды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Мектепте мультимедиялық кабинет интернет желісіне қосылған. Мектеп аумағы мен дәліздері бейне бақылау жүйесімен жабдықталған.

Шебер және зерттеуші біліктілік санаты бар педагог қызметкерлердің үлесі 18 % құрайды.

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын көтеру, кәсіби біліктілігін арттыру жолға қойылған. Жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстарына оқуға жіберіліп отырады.

Мектеп «Bilim class» электрондық оқыту жүйесі желісіне толық енгізілген, 100%-ды көрсетеді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша мектептің бітіруші түлектері төмендегідей нәтиже көрсетті:

2022 жыл – оқу жылын аяқтаған 29 оқушы,

ҰБТ орташа ұпай - 62, 8

грант иегері - 19 оқушы

2023 жыл – оқу жылын аяқтаған 32 оқушы,

ҰБТ орташа ұпай - 64,7

грант иегері - 17 оқушы .

Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау барысында оқу жылы барысында дайындық жұмыстарының іс-шаралар жасалынып, қосымша сабақтардың кестесі бекітілді. Жыл бойы оқушылардан мектепте сынама тесттері алынып отырды. Оқу жылы аяғына дейін айына бір рет байқау тесті өткізілді. Сынама тесттердің мониторингісі шығарылып, нәтижесі педкеңес, әдістемелік кеңесте, директор жанындағы кеңестерде қаралып отырды. ҰБТ-ға дайындау барысында мұғалімдерге тиісті нұсқаулар мен ескертулер беріліп, дайындық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу бойынша көмектер көрсетілді.

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық, шағын орталық жұмыс оқу жоспарлары МЖМБС талаптарына және Қазақстан республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – БЖТ ҮОЖ) сәйкес жасалды. Оқу жоспарлары жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Білім алушылардың оқу- танымдық іс- әрекеті мектепалды даярлық сыныбында жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық сыныбында -21 бала тәрбиеленуде.

Ұсынылған құжаттарды қарастыру барысында білім беру қызметінің 2023 – 2024 оқу жылдарында бекітілген перспективалық жоспарларында күтілетін нәтижелерді айқындай отырып, әр оқу жылына мақсат пен міндеттерді қоя білген және талдау нәтижелерінен жоспарға сәйкес іс- әрекетін жүзеге асырылды. Тәрбиеленушілердің қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім және білік дағдыларын қалыптастыру барысында негізгі салалар толықтай қамтыла отырып, перспективалық жоспар құрылды. Айлық, апталық іс –шаралар жоспары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Оқу –тәрбие процесінің жүргізілуі 08.30-10.30 дейінгі уақытты қамтиды. Топтың күн тәртібі мектеп директорымен бекітілген, мектепалды даярлық сыныбының сабақ кестелері бар. Шегірбаева Оразкүл мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылы қарастырылды. Жұмысты жоспарлау кезінде мектеп «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алынды. Оның ішінде тек мектептің миссиясына сәйкес жұмыстың негізгі бағыттары көрсетілген. Мектеп «Ұлттық құндылықтар негізінде функционалды сауатты, ІТ құзыретті, шығармашыл, білім, бәсекеге қабілетті саналы, жеке тұлғаны қалыптастыру» жұмысы басталды.

Мақсаты:

1. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту арқылы сыныптағы оқыту сапасын жақсарту
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуына жағдай жасау және жеке тұлғаның дарындылығын дамыту;
3. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту. Педагогикалық кеңес жұмысының жоспары, директор жанындағы кеңестің жоспары, пән бірлестіктерінің жұмыс жоспары, педагогтардың шығармашылық топ жұмысы және ұйымдастыру жоспары, кітапхана жұмысы жоспары, педагог-психологтың жұмыс жоспары, тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспар, сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысы жоспары, Болашақ өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары, жазғы сауықтыру іс-шара жоспары қоса берілген. Ұсынылған құжаттарды зерделеу нәтижесінде мектеп алдыға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізе алғанын көруге болады. Мектеп ұстаздары біліктілігін арттыру мен қатар, кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында семинар, конкурстарға қатысуда. «Үздік авторлық бағдарлама» облыстық кезең ІІІ орын жеңімпазы технология пәнінің мұғалімі Ұ. Боранова, «Smart сабақ» байқауының облыстық кезеңінде биология пәнінің мұғалімі А. Тәжіхан ІІ орын иегері атанды. 11.04.2023 жылғы №119 бұйрығын басшылыққа ала отырып «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» байқауының аудандық кезеңінде бастауыш сынып мұғалімі А. Өмірзақова бас жүлдені иеленіп, облыстық байқау кезеңде жүлделі ІІ орынға ие болды. Оқушылар арасында 8- 11 сынып оқушылар арасында арналған республикалық Х «Ақберен» өнер байқауының аудандық кезеңінде А. Сапаралы бас жүлдені иеленді. «Жыр алыбы - Жамбыл» оқушылар арасындағы байқаудың облыстық кезеңінде А. Сапаралы ІІІ – орын иеленді. «Абайтану» олимпиадасының облыстық кезеңінде С. Абдужаппар І - орынды иеленіп, «Абайтану»

олимпиадасының республикалық кезеңінде II – орынға ие болды. «Яссауи» олимпиадасының аудандық кезеңінде 8 – сынып оқушысы С. Әмірекүл I – орынға ие болып, «Яссауи» олимпиадасының облыстық кезеңінде ынталандыру алғыс хатымен марапатталды. «Ауыл» олимпиадасының аудандық кезеңінде 11 – сынып оқушысы Р. Елібай II – орынға ие болды. Қазақ тілі пәні бойынша өткен аудандық пән олимпиадасында 10 – сынып оқушысы З. Қаржау III – орынға ие болды. «Айқанат» олимпиадасының аудандық кезеңінде 8 – сынып оқушылары С. Әмірекүл, Н. Әмір, А. Давлет жоғары нәтеже көрсетіп, облыстық кезеңге жолдама алды. «Жас математик» республикалық зияткерлік олимпиадасында 3 – сынып оқушысы М. Қаржау, Қ. Ибадулла III – орындармен марапатталды. 2 – сынып оқушысы Ә. Дінмұхаммед III – орынға ие болды. 4 – сынып оқушысы Х. Қасым II – орын иеленді. «Бала Абай» Республикалық жас ақындар байқауынан Х. Қасым серификатпен марапатталды. «Менің атым - Қожа» атты кітабына жасаған слайд үшін Х. Қасым сертификатпен марапатталды. Жыл сайынғы өтетін Абдуллаев Айдар Оспанұлы атындағы 4 – сынып арасындағы математикалық аудандық олимпиадада 4 – сынып оқушысы Г. Ергеш серикатпен марапатталды. «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» облыстық байқауында О. Шегірбаева III дәрежелі дипломмен марапатталды. «Мәртебел ұстаз» байқауының аудандық кезеңінде Л. Тохоева II – орынды иеленді.

Мектептің **2023- 2024** оқу жылындағы жоспарында оқу-тәрбие үдерісіне қатысты жаңа оқу жылына мақсат міндеттер қойылған. Мектепішілік бақылауда бақылау нысаны, бақылау түрі, бақылау формасы, бақылау әдісі, қаралатын жері, жауаптылар бөлімдері берілген. Жұмыс жоспарында мектепті дамыту бағдарламасы қоса тігілген.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бағаланатын кезеңде оқушылар континентінің сақталуы және сапалы оқу жетістігінің көрсеткіші бойынша оң динамика байқалады. Мектеп бойынша білім сапасы 45,8 % құрайды. Аудандық оқушылар сарайы арқылы - тәрбие беруде тұлғалық танымдық белсенділікті дамыту мақсатында спорт секциясы /волейбол, футбол/ үйірме жұмыс жасайды. Әрбір үйірменің жұмыс кестесі, уақыты белгіленген. «Үйірме – өнер бастауы» демекші оқушыларымыздың өнерлерін жан-жақты дамытудағы мектепішілік өнер үйірмелеріне де оқушылардың қызығушылығы жоғары десе де болады.

2023-2024 оқу жылы бойынша педагогтердің білімі бойынша

Білімі	Педагогтер саны	% көрсеткіші жалпы санынан
Жоғары, соның ішінде педагогикалық білімі	74	100%
Орта арнаулы,соның ішінде педагогикалық білімі	-	-

Біліктілік санаты бойынша

Біліктілік санаты	Педагогтер саны	% көрсеткіші жалпы санынан
Барлық педагогтер	61	100 %
Педагог-зерттеуші	11	18 %
Педагог-сарапшы	27	44 %
Педагог-модератор	6	10 %
Санатсыз	17	28 %

Жұмыс өтілі бойынша

Көрсеткіші	Педагогтер саны	% көрсеткіші жалпы санынан
5 жылға дейін	9	12 %
5 -10 жылға дейін	8	11 %
10 -15 жыл	10	13,5 %
15 – 20 жыл	16	21,5 %
20 - 25 жыл	7	9,5 %
25 - 30 жыл	3	4 %
30 ж жоғары	21	28,5 %

SWOT талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- білім сапасын 63% арттыру - мұғалімдердің сапалық құрамын арттыру -педагогикалық кадрлар біліктілігінің жоғары деңгейі - мектептің қалыптасқан дәстүрлерін сақтай отырып, дамудың жаңа бағыттарын таңдау -білім сапасының тұрақты дамуын сақтау.	-кабинеттік жүйенің және география,химия, физика, биология кабинеттерінің лабораториялық жұмыстарды жандандыру. -тәжірибелі ұстаздардың іс- тәжірибесін тарату
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- тәлімгерлік, коучинг үдерістері арқылы (ішкі ресурстарға негізделген өзара оқыту, өзара даму - ынтымақтастық пен тәлімгерлік орта) ұстаздардың кәсіби шеберліктерін дамыту. -кәсіби дағдысы дамыған, педагогика-психология негіздерін түсінетін, кәсіби біліктілігі жоғары мұғалімдер ұжымын қалыптасуы -мектептің материалдық- техникалық базасының нығайуы -оқушы денсаулығын сақтайтын және нығайтатын орта құру.	-материалдық техникалық базаны күшейту -мектептің қаржыландырудың жоғары басқарушы органдарға тәуелділігі

3 бөлім Миссиясы және пайымы

Мектеп миссиясы: Ұлттық құндылықтар негізінде функционалды сауатты, ІТ құзыретті, шығармашыл, білім, бәсекеге қабілетті саналы, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Мектеп пайымы: Мұғалімдер мен оқушылардың жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім беру үдерісі мен тәрбиелеуді жүзеге асырудағы цифрлық технология негіздерін тиімді пайдалану және жүзеге асыруды нәтижеге бағыттай арттыру, тиімді оқыту әдістері негізінде білім сапасын көтеру.

Мектеп миссиясы: Қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімделе алатын , үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын ,дені сау, адамгершілігі мол ,шығармашылығы артқан ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбие-білім ортасын құру

- Білім сапасын арттару, функционалдық сауаттылықты, оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту.
- Білім алушылардың зияткерлік, рухани – адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
- Педагогиканың кәсіби деңгейін арттыру, педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Ата – аналармен, колледж, жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту.

Білім беру ұйымын цифрлық инфрақұрылым мен және заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықтандыру.

4 бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

№	Нысаналы индикаторлар	өлшем бірлігі	жоспарлы кезеңдер				
			2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы	2027-2028 оқу жылы
1 міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру							
1	«Педагог-зерттеуші», «педагог - шебер» санаттары бар педагогтердің үлесі	%	18%	20 %	21,3 %	23 %	26 %
2	Ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеген (қатысатын) мектеп білім алушыларның үлесі	%	3 %	6 %	10 %	12 %	15 %
3	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға қатысу үлесі	%	2 %	4 %	10 %	15 %	20 %
4	Конкурс қатысу, іс-тәжірибесін тарату.	%	2 %	7 %	15 %	25%	40%
5	Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру, педагогикалық шеберлігін жетілдіру курс үлесі	%	65 %	70%	80 %	85%	100%
2 міндет. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту							
1	Кабинеттерді заманауи үлгіде жабдықтау	%	25%	40 %	50 %	80 %	100 %
2	Жоғары жылдамдықтағы интернет желісіне қосылу	%	8,4 %	20 %	40 %	65 %	70 %
3	Педагогтерді және кабинеттерді компьютермен қамтамасыз ету бойынша «1 мұғалім – 1 компьютер» жобасын іске асыру	%	20%	30%	40 %	60 %	80 %
4	Оқу кабинеттерін	%	0%	10%	20%	30%	40%

	интерактивті панельдермен жабдықтау						
5	Барлық оқу кабинеттерін локальды желі арқылы интернетпен қамту	%	8 %	20 %	30%	40%	50%
6	Мектеп спорт залын мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жарақтандыру	%	30%	40%	60%	80%	100%
7	Биология, География, АӘД пәндері үшін мектеп ауласында қосымша нысандар тұрғызу	%	20%	40%	60%	80%	100%
8	Мектеп ауласын көгалдандыру	%	30%	40%	50%	60%	70%
9	Мектепте азаматтарға қызмет көрсету ішінара автоматтандыру	%	100%	100%	100%	100%	100%
10	Мектепті бейнебақылау жүйелерімен, ауыз сумен жабдықтау, санитарлық және гигиена құралдарымен жабдықтау	%	70%	80%	85%	90%	100%
3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру							
1	Жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларға оқушыларды қатыстыру	%	50%	60%	70%	80%	90%
2	Оқушыларды мектептегі спорт секциялары мен қызығушылығына байланысты үйірмелерге қатыстыру	%	20%	80%	90%	95%	100%
3	Бұқаралық спортты, оның ішінде ұлттық спорт	%	15%	20%	25%	30%	35%

	ойындарын дамыту						
4 міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту							
1	«Жаңа форматты басшы» бағдарламасы аясында жетекші мұғалімдер қатарынан менеджерлердің кадрлық резервін құру	%	2%	5%	7%	19%	10%
2	Мұғалімдерді мониторингтеу және бағалау	%	60%	70%	80%	90%	100%
3	Мектеп мәдениеті идеясы «Бөлінген көшбасшылық»	%	6%	7%	10%	12%	15%
5 міндет. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру							
1	Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды Дәріптеу.	%	65%	70%	80%	90%	100%
2	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда психокоррекциялық жұмыстар	%	65%	70%	80%	90%	100%
3	Кәмелетке толмағандарға қатысты және кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар арасындағы атыстың алдын алу үшін әлеуметтік зерттеу жүргізу	%	68%	75%	85%	90%	100%
4	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету (Кибербуллинг)	%	65%	70%	80%	90%	100%
5	Ата-аналарды педагогикалық қолдау	%	65%	70%	80%	90%	100%

	орталығын ұйымдастыру						
6	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу	%	80%	85%	90%	95%	100%
6 міндет. Білім сапасын бағалау							
1	Дарынды балалардың қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық ғылыми жобаларға, конкурстарға, конференцияларға, олимпиадаларға қатысуы	%	10%	15%	20%	25%	30%
2	Оқушыларды онлайн мектеп платформалары мен жұмыс істеуін ұйымдастыру	%	20%	30%	70%	80%	100%
3	Оқушыларды ББЖМ, PISA, TIMSS, PIRLS-қа дайындау	%	27%	35%	40%	50%	70%
4	Мектеп білім алушыларының білімін критериалды бағалауды (формативті және жиынтық бағалау, үлгерім шкаласы) жетілдіру	%	100%	100%	100%	100%	100%
7 міндет. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу							
1	«Үздік педагог», «Педагогикалық идеялар панорамасы» т.б. конкурстарына қатысуды ұйымдастыру	%	7%	14%	22%	30%	35%
2	Педагогикалық университетпен, колледжбен өзара әрекеттесу, барлық	%	10%	15%	20%	25%	30%

	деңгейдегі пән мұғалімдерінің бірлестіктері, педагогикалық қызметтердің қызметін үйлестіру						
3	Білім сапасын көтеруде Lesson study және Эксперт Ресурсы өткізу тиімділігін ұйымдастыру	%	20%	25%	30%	35%	40%

2023–2024 оқу жылы

№	Іс-шаралардың атауы	Мақсаты	Мерзімі	Қатысушылар	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру						
1	Біліктілік курстарынан өту	Жаңа білім дағдылары мен білімдерін жетілдіру	тамыз-маусым	пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	Оқу үрдісінде жаңа әдіс тәсілдерді қолдану
2	«Педагог-зерттеуші» - 11, «педагог-сарапшы» - 27 санаттары бар педагогтердің үлесі	Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру	қаңтар – желтоқсан 2024 жыл	Пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	Ғылыми жобалардың, жұмыстардың артуы
3	Пән мұғалімдерінің цифрлы сауаттылығын арттыру.	ІТ құрылымдарын белсендігеру, цифрлық білім беру ресурстарын, онлайн курсжелілері мен платформаларын тиімді пайдалану	үнемі	Пән мұғалімдері	директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары С.Мауленов	Пән мұғалімдерінің цифрлы сауаттылығы арттады. Bilim class, e-portpolio.kz, Jumys SmartNation платформалары мен жұмыс атқару.
4	Педагогтердің инновациялық тәжірибесін тарату.	Республика, облыс, қала көлемінде инновациялық идеяларын дамыту	жоспарға сәйкес	мұғалімдер	директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары С.Мауленов	БАҚ-на жариялануы, қалалық, облыстық семинарларға қатысуы.

		мақсатында тәжірибе тарату.				
2. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту						
1	Кабинеттерді заманауи үлгіде жабдықтау	Кабинеттерді заманауи үлгіде жабдықтай отырып, оқушлардың терең білім алуына жол ашу.	2023-2024 ож	Пән кабинеттерінің жетекшілері	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Қыдырбаев	химия кабинеттері жергілікті бюджет арқылы қаржыландырылды.
2	Мектепте азаматтарға қызмет көрсету ішінара автоматтандыру	Балаларды мектепке қабылдау үшін құжаттар қабылдау, мұғалімдердің аттестациясынан өту және басқа қызметтер бойынша мемлекеттік қызметтерді цифрландыру (портал арқылы)	Үнемі	Пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	egov.kz –электрондық порталқызметін жалғастыру; - Оқушыларды мектепте қабылдау жұмысын автоматтандыру; Онлайн-режимде ҰБДҚ /нобд/ қызметі, «Е-өтініш» Bilim class” жүйесінде жұмысты жалғастыру
3	Интернет жылдамдығын арттыру.	Сандық инфрақұрылымды дамыту (сымсыз байланыс, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кең жолақты Интернет және т. б.)	Үнемі	Пән кабинеттері	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	Интернет жылдамдығы 8 нүкте, мультимедия кабинетіне желілік интернет тартылған. Барлық интернет жылдамдығы 8,4 м\бит
4	Педагогтерді және кабинеттерді компьютермен	Пәндік оқу кабинеттерді қайта	Қыркүйек-қаңтар 2024 ж	Оқушылар	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	40 ноутбук, 88 компьютер

	қамтамасыз ету бойынша «1 мұғалім – 1 компьютер» жобасын іске асыру	жабдықтау, оқу-әдістемелік аймақты жүйелеу бойынша жұмыстарды жандандыру				7 планшет
5	Мектепті бейнебақылау жүйелерімен, ауыз сумен жабдықтау, санитарлық және гигиена құралдарымен жабдықтау	Қауіпсіз әрі жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету	Үнемі	Ұжым	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	8 видео камералар
6	Биология пәні үшін мектеп ауласында қосымша нысандар тұрғызу/ оқу тәжірибелік жылыжай/		Жылыжай 2024 наурыз	Оқушылармен	биология пәні мұғалімі А.Тәжіхан	Шырша,қарағай тұқырымдарын егу
3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру						
1	Жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларға оқушыларды қатыстыру	Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды жүзеге асыру арқылы мектеп білім алушыларының қосымша білім алуға қатысуын арттыру	Үнемі	Мектеп оқушылары	ДТІЖО Ғ.Қыдырбаев	Патриоттық іс-шаралар
2	Оқушыларды мектептегі спорт секциялары мен қызығушылығына байланысты үйірмелерге қатыстыру	Мектептің спорт секцияларымен қамтылған білім алушылардың үлесін ұлғайту	үнемі	Мектеп оқушылары	Дене шынықтыру мұғалімдері	Спорттық секциялар, үйірмелер

3	Бұқаралық спортты, оның ішінде ұлттық спорт ойындарын дамыту	Мектептің спорт секцияларымен қамтылған білім алушылардың үлесін ұлғайту	үнемі	Мектеп оқушылары	Дене шынықтыру мұғалімдері	Спорттық секциялар
4	«Ұлағат» ұлттық жобасы	Ұлттық құндылықтарды оқушылардың сана сезіміне тәлім тәрбиелік әдістермен жаңа технологиялар арқылы жүзеге асыру	айдың соңғы жұма күні	оқушылар	ДТІЖО Ғ.Қыдырбаев сынып жетекшілер	Сынып сағаттары, ұлттық танымдық сағаттар
4 міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту						
1	«Жаңа форматты басшы» бағдарламасы аясында жетекші мұғалімдер қатарынан менеджерлердің кадрлық резервін құру	«Жаңа форматты басшы» бағдарламасы аясында барлық деңгейдегі білім беру бөлімін модернизациялау жағдайында жетекші мұғалімдер қатарынан менеджерлердің кадрлық резервін қалыптастыру	Үнемі	Жетекші мұғалімдер	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	Менеджерлердің кадрлық резервін құру
2	Мұғалімдерді мониторингілеу және бағалау	Сабаққа қатысу, кері байланыс ұсыну арқылы оқушылардың оқу үлгерімінің жақсаруымен байланыстару	Үнемі	Мұғалімдер	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев ДОІЖО Қ.Исаев А.Беркинбаева	
3	Мектеп мәдениеті идеясы «Бөлінген көшбасшылық»	Білім беру сапасын бақылау жүйесін әзірлеу және іске	Үнемі	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев ДОІЖО Қ.Исаев	

		асыру, оның нәтижелерінің көпшілік қол жетімділігін қамтамасыз ету			А.Беркинбаева	
5 міндет. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру						
1	Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, «Даналық мектебі» жобасын дамыту.	Жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптеу	Үнемі	Оқушылар	Тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Қыдырбаев	Тәрбиелік іс-шаралар
2	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда психокоррекциялық жұмыстар	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу	Үнемі	Оқушылар	Психолог Г.Қалықбаева	Сауалнама, тест
3	Кәмелетке толмағандарға қатысты және кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық деңгейін және білім алушылардың өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін анықтау үшін әлеуметтік зерттеу жүргізу	Мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы әрекет ету, сонымен қатар өмірлік дағдыларын дамыту және суицидтің алдын-алу бағдарламасын жүзеге асыру	Үнемі	Оқушылар	Тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Қыдырбаев Психолог Г.Қалықбаева	Сауалнама, тест
4	Балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасы жөніндегі іс-шараларды оқу-тәрбие жұмысының жоспарларына қосу	Интернетте қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын дамыту	Үнемі	Оқушылар	Тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Қыдырбаев Психолог Г.Қалықбаева	Сынып сағаттары
5	Ата-аналарды педагогикалық қодау орталығының жұмысын жетілдіру.	Қазіргі жағдайда Қазақстан азаматтарының өскелең ұрпағын рухани-адамгершілік тәрбиелеуді дамытуда	Үнемі	Мектеп, ата-ана	А.Дандибаев С.Байдалиева Н.Шерматов А.Алимбетова Сынып жетекшілер	Танымдық сағаттар, кездесулер

		отбасының, мектептің әлеуетін шоғырландыру				
6	Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен кездесу	Балалар мен жастар арасында деструктивті діни секталардың, экстремизм мен терроризм идеяларының таралуының алдын алу	Үнемі	Оқушылар	Тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Қыдырбаев	кездесулер, дискуссиялар, семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер, акциялар, кездесулер және т.б.
6 міндет. Білім сапасын бағалау						
1	Дарынды балалардың қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық ғылыми жобаларға, конкурстарға, конференцияларға, олимпиадаларға қатысуы	Оқушылардың білім сапасын арттыру	үнемі	Оқушылар	директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары С.Мауленов	Олимпиада, ғылыми жоба т.б байқауының жеңімпаздарын арттыру
2	Оқушыларды онлайн байқау сынақ платформалары мен жұмыс істеуін ұйымдастыру	ҰБТ көрсеткіштерінің сапасын көтеру	үнемі	Оқушылар	Қосымша педагог Г.Орынбаева	Ортақ ұпай
3	Оқушылардың ББЖМ, PISA, TIMSS, PIRLS-қа дайындау	Пәндер бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	үнемі	оқушылар	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева пән мұғалімдері	Сапа 28,1%
4	Мектеп білім алушыларының білімін критериалды бағалауды (формативті және жиынтық бағалау, үлгерім шкаласы) жетілдіру	Білім алушылардың білімдерін бағалаудың түрлерін үйрету.	үнемі	Пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева ӘБ жетекшілері	
7 міндет. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу						

1	«Үздік педагог», «Педагогикалық идеялар панорамасы» конкурстарына қатысуды ұйымдастыру	Мұғалімдердің интеллектуалдық, әлеуметтіксайыстарға қатысуға баулу	үнемі	Мұғалімдер	директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары С.Мауленов. ӘБ жетекшілері	
2	Педагогикалық университетпен, колледжбен өзара әрекеттесу, барлық деңгейдегі пән мұғалімдерінің бірлестіктері, педагогикалық қызметтердің қызметін үйлестіру	Ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, оқыту практикасына жаңа әдістер мен технологияларды енгізу	үнемі	Мұғалімдер	директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары С.Мауленов	
3	Білім сапасын көтеруде Lesson study және Экшн Ресч өткізу тиімділігін ұйымдастыру	Мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру, тұлғалық өсу, рухани дамуына қолдау көрсету. Жаңа сапалық деңгейге жету.	үнемі	Мұғалімдер	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері	Коучинг -1, оқыту семинары-1.

2024-2025 оқу жылы

№	Іс-шаралардың атауы	Мақсаты	Мерзімі	Қатысушылар	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру						
1	Біліктілік курстарынан өту	Жаңа білім дағдылары мен білімдерін жетілдіру	Қыркүйек-маусым	Пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	Оқу үрдісінде жаңа әдіс тәсілдерді қолдану
2	«Педагог-зерттеуші» -12 , «педагог-сарапшы»- 29 санаттары бар педагогтердің үлесі	Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру	Мамыр – желтоқсан 2025ж	Пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары А Қ.Исаев А.Беркинбаева	Ғылыми жобалардың, жұмыстардың артуы, олимпиада жеңімпаздарын арттыру
3	Пән мұғалімдерінің цифрлы сауаттылығын арттыру.	ІТқұрылымдарын белсенді игеру, цифрлық білім беру ресурстарын, онлайн курс желілері	Үнемі	Пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	Пән мұғалімдерінің цифрлысауаттылығы арттады. Білім ланд Tester.kz , e-portpolio.kz платформалары мен

		мен платформаларын тиімді пайдалану				жұмыс атқару.
4	Педагогтердің инновациялық тәжірибесін тарату.	Республика, облыс, аудан көлемінде инновациялық идеаларын дамыту мақсатында тәжірибе тарату.	жоспар бойынша	Педагог зерттеуші мұғалімдер	директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары С.Мауленов	БАҚ-на жариялануы, аудандық, облыстық семинарларға қатысады.
2. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту						
1	Кабинеттерді заманауи үлгіде жабдықтау	Кабинеттерді заманауи үлгіде жабдықтай отырып, оқушлардың терең білім алуына жол ашу.	Қыркүйек-мамыр 2024-2025 ож	Пән кабинеттерінің жетекшілері	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	Математика кабинетін жергілікті бюджет арқылы қаржыландырылады.
2	Мектептеазаматтарға қызмет көрсету ішінара автоматтандыру	Балаларды мектепке қабылдау үшін құжаттар қабылдау, мұғалімдердің аттестациясынан өту және басқа қызметтер бойынша мемлекеттік қызметтерді цифрландыру (портал арқылы)	Үнемі	Пән мұғалімдері	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	egov.kz –электрондық порталқызметін жалғастыру; -Оқушылардымектепте қабылдаужұмысын автоматтандыру; Онлайн-режимде ҰБДҚ /нобд/ қызметі,« Білім класс», «Е-өтініш» электрондық жүйесінде жұмысты жалғастыру
3	Интернет жылдамдығын арттыру.	Сандық инфрақұрылымды дамыту (сымсыз байланыс, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық	Үнемі	Пән кабинеттері	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	Барлық интернет жылдамдығы 30 м\бит

		жабдықтар, жергілікті желі, кең жолақты Интернет және т. б.)				
4	Педагогтерді және кабинеттерді компьютермен қамтамасыз ету бойынша «1 мұғалім – 1 компьютер» жобасын іске асыру	Пәндік оқу кабинеттерді қайта жабдықтау, оқу-әдістемелік аймақты жүйелеу бойынша жұмыстарды жандандыру	Қыркүйек-мамыр 2024-2025 о ж	Оқушылар	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	Жаңа компьютерлік сыныбын алу.
5	Мектепті бейнебақылау жүйелерімен, ауыз сумен жабдықтау, санитарлық және гигиена құралдарымен жабдықтау	Қауіпсіз әрі жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету	Үнемі	Ұжым	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	Видео камералар
6	География пәні үшін мектеп ауласында қосымша нысандар тұрғызу	Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру	Қаңтар-желтоқсан 2025	оқушылар	География пәні мұғалімдері	Метерологиялық станция
3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру						
1	Жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларға оқушыларды қатыстыру	Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды жүзеге асыру арқылы мектеп білім алушыларының қосымша білім алуға қатысуын арттыру	Үнемі	Мектеп оқушылары	Тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Қыдырбаев	Патриоттық іс-шаралар
2	Оқушыларды мектептегі спорт секциялары мен қызығушылығына байланысты үйірмелерге	Мектептің спорт секцияларымен қамтылған білім алушылардың үлесін	үнемі	Мектеп оқушылары	Дене шынықтыру мұғалімдері	Спорттық секциялар

	қатыстыру	ұлғайту				
4 міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту						
1	«Жаңа форматты басшы» бағдарламасы аясында жетекші мұғалімдер қатарынан менеджерлердің кадрлық резервін құру	«Жаңа форматты басшы» бағдарламасы аясында барлық деңгейдегі білім беру бөлімін модернизациялау жағдайында жетекші мұғалімдер қатарынан менеджерлердің кадрлық резервін қалыптастыру	Үнемі	Жетекші мұғалімдер	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев	Резерв бланкі
2	Мұғалімдерді мониторингтеу және бағалау	Сабәққа қатысу, кері байланыс ұсыну арқылы оқушылардың оқу үлгерімінің жақсаруымен байланыстару	Үнемі	Мұғалімдер	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев Орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	Мониторинг
3	Мектеп мәдениеті идеясы «Бөлінген көшбасшылық»	Білім беру сапасын бақылау жүйесін әзірлеу және іске асыру, оның нәтижелерінің көпшілік қол жетімділігін қамтамасыз ету	Үнемі	бірлестіктер, қоғамдастық мүшелері, ата -ана, мектеп, мұғалім	Мектеп директоры Қ.Ауғанбаев Оқу орынбасары Қ.Исаев А.Беркинбаева	Жоспар
5 міндет. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру						
1	Жалпыадамзаттық және	Жалпы адамзаттық	Үнемі	Оқушылар	Тәрбие-ісі жөніндегі	Тәрбиелік іс-шаралар

	ұлттыққұндылықтардыдәріптеу , «Даналық мектебі» жобасын дамыту.	құндылықтарды дәріптеу			орынбасары Ғ.Қыдырбаев	
2	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда психокоррекциялық жұмыстар	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу	Үнемі	Оқушылар	Психолог Г.Қалықбаева	Сауалнама,тест
